

Сүйіндік ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 24 шілдедегі № 23 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 5 қыркүйектегі № 26 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 қыркүйекте № 4488 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2019 жылғы 12 тамыздағы № 12-11/102 ұсынысына сәйкес, Сүйіндік ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сүйіндік ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 24 шілдедегі № 23 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4473 болып тіркелген, 2019 жылғы 8 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Қ. Құлшар